


ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ



ХАСАН
КӘРІМҰЛЫ МҰХАМБЕТ



K. Rogers —

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТИ**

Ғылыми кітапхана

**ХАСАН
КӘРІМҰЛЫ
МҰХАМБЕТ**

**Алматы
«Қазақ университеті»
2006**

**Бас редактор
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Әбдезұлы Қ.**

**Жауапты редакторлар:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Момынова Б.Қ.
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Сағындықұлы Б., Нұргалиева Д.Т.**

**Құрастырушылар:
Филология ғылымдарының
кандидаты Саткенова Ж.Б.,
Филология ғылымдарының
кандидаты Қоразова А.Б., Омарова Г.Т.**

Мұхамбет Хасан Кәрімұлы: биобиблиографиялық
көрсеткіш / жауапты ред. Б.Қ.Момынова; құраст.:
Ж.Б.Саткенова, А.Б.Қоразова, Г.Т.Омарова; Алматы:
Қазақ университеті, 2006. 44 бет.

ОҚЫРМАНДАР ЕСИНЕ

Ұсынылып отырған көрсеткіш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымдарының биобиблиографиялары сериясының жалғасы болып табылады. Көрсеткіш филология ғылымдарының кандидаты, профессор Мұхамбет Хасан Қәрімұлына арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның өз еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілген. Жарияланған еңбектер әрбір жыл көлемінде мерзімдік тәртіппен орналасқан, әуелі қазақша, одан кейін орыс тілдерінде.

Қарauғa мүмкіншілік болмаған мақалалар “de visu” жүлдзызымен белгіленген.

Оқырмандар пайдалануға ыңғайлы болу үшін еңбектердің алфавиттік және бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштеріндегі сілтемелер олардың хронологиялық көрсеткішінің тұсындағы рет тәртібін білдіреді.

**ФИЛОЛОГИЯ ФЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР
Х.К. МҰХАМБЕТТИң
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІң НЕГІЗГІ
КЕЗЕҢДЕРІ**

Професор Хасан Корімұлы Мұхамбет 1931 жылдың күзінде Атырау облысы Теніз ауданы (қазіргі Құрманғазы ауданы) Морской ауылдық кенесінің 4-балықшы ауылында дүниеге келген.

1938-1945 ж.ж. “Қызыл Ту” колхозының орталығындағы “Пионер” атындағы жеті жылдық орталау мектепте оқиды. 1948 жылы орта мектепті үздік бітіреді.

1948-1953 ж.ж. Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университеті филология факультеті қазақ бөлімінің студенті.

1952-53 ж.ж. “Университетте үздік оқығаны үшін” Сталин атындағы стипендия иегері.

1953-57 ж.ж. Теніз ауданында орта мектептің директоры, аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі.

1957-1959 ж.ж. Гурьев пединститутында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы.

1959-1961 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университетінде аспирант.

1961-66 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілі кафедрасының асистенті.

1961-1971 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университеті жанында құрылған студенттік экспедициясының жетекшісі.

1965 ж. профессор М.Б. Балақаевтың ғылыми жетекшілігімен “Б. Майлин әңгімелерінің тілі” деген тақырыпта кандидаттық диссертация корғады. Филология гылымдарының кандидаты дөрежесі берілді.

1966-69 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы.

1968-70 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің бастауыш партия үйімінің хатшысы болды.

1969 жылдан бері “Қазақ әдеби тілінің тарихы” бағдарлама авторларының бірі.

1973 ж. Қазақ мемлекеттік университетінде доцент.

1982 жылы “Қазақ әдеби тілінің тарихы мен даму жолдары” атты мақаласы шетелде жарық көрді.

1988-90 ж.ж. Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің бастауыш партия үйімінің хатшысы.

1995 жылы Анкарада “Қазақ әдеби тілінің сөзжасам жүйесінің дамуы” атты мақаласы жарияланды.

1996 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының профессоры.

1995 жылы “Қанатты тіл” атты оқу құралы жарыққа шықты.

2001 жылы “Диалектология мен әдеби тіл саласындағы зерттеулер” атты еңбегі жарық көрді.

Әр жылдарда құрмет грамоталары мен алғыстар жарияланып, “Айбынды еңбегі үшін”, “Еңбек ардагері” медальдарымен марапатталған.

**ФИЛОЛОГИЯ ФЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ, ПРОФЕССОР
Х.К.МҰХАМБЕТТИҢ
ФЫЛЫМИ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ҚЫСҚАША ОЧЕРК**

Профессор Хасан Кәрімұлы Мұхамбет 1931 жылды Атырау облысы Құрманғазы ауданының 4-ауылында дүниеге келген.

1938-1945 жылдары “Қызыл Ту” колхозының орталығындағы “Пионер” атындағы жеті жылдық орталau мектепте оқиды.

1945-1948 жылдары аудан орталығында Абай атындағы мектеп-интернатта білім алады.

1948 жылды орта мектепті үздік тәмамдап, Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі.

1953 жылды университетті қазақ тілі және қазақ әдебиеті мамандығы бойынша үздік белгімен бітіріп шыгады. Университетте үздік оқығаны үшін 1952-53 жылдары Сталин атындағы стипендия алып тұрды.

1953-57 жылдары Теніз ауданында орта мектептің директоры, аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі болып қызмет атқарады.

1957-1959 жылдары Гурьев пединститутында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы болды.

1959-1961 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты болған.

1961-66 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде қазақ тілі кафедрасының асистенті.

1966-69 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы қызметін аткарды.

1965 жылы профессор М.Б. Балақаевтың ғылыми жетекшілігімен “Б. Майлин әңгімелерінің тілі” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1973 жылдан Қазақ мемлекеттік университетінде доцент, ал 1996 жылдан әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қазақ филологиясы кафедрасының профессоры.

Фалым Хасан Көрімұлы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетінде 40 жылдан астам уақыт “Қазақ диалектологиясы”, “Қазақ әдеби тілінің тарихы” атты теориялық курстар мен “Көркем әдебиет тілін зерттеу” деген арнаулы курс бойынша жоғары ғылыми-теориялық деңгейде дәріс оқыған. Ол 100-ге жуық ғылыми мақалалар мен он шақты оқу құралдарының, бірнеше оқу бағдарламаларының авторы.

Фалым өз жетекшілігімен екі аспирантына кандидаттық диссертация қорғатады.

Профессордың көп жылдар сінірген еңбегі әр жылдарда құрмет грамоталары мен алғыстар арқылы марапатталған. Х.К.Мұхамбетке “Айбынды еңбегі үшін”, “Еңбек ардагері” медальдары берілген.

Фалымның негізгі ғылыми еңбектері қазақ әдеби тілі, диалектология мен морфонологияның өзекті мәселелеріне арналады.

Диалектология саласындағы зерттеулері қазақ тілінің говорларындағы дауысты және дауыссыз

дыбыстар арасындағы сойкестіктерді жүйеге түсіруге және тарихи қалдықтарды зерттеуге иелікелген.

Озіне ұстаз санайтын белгілі ғалымдар Н.Т.Сауранбаев, Қ.Қ.Жұбановтың ғылыми пікірлеріне сүйене отырып, ХҮ ғасырдан басталатын қазақ әдеби тілінің даму тарихын терең зерделеген ғалым 1969 жылдан бері “Қазақ әдеби тілінің тарихы” атты бағдарлама авторларының бірі.

Хасан Кәрімұлы Мұхамбет Қазақ мемлекеттік университетінде диалектология пәнінен 1961 жылдан бері дөріс қана оқып келген жоқ, он жыл қатарынан студенттік экспедициясының жетекшісі ретінде Алматы, Талдықорған, Жамбыл, Шымкент, Маңғыстау облыстарының елді мекендерін аралап, халық тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді жинаумен де шүғылданады. Осы материалдардың орынды пайдаланылуы да автордың ғылыми мақалаларының құндылығын, сапасын арттыра түсті.

Автордың 1995 жылы “Қанатты тіл” атты оқу құралы жарыққа шықты. Оқу құралындағы зерттеулер көркем шығарма тіліне тілдік талдау жасаудың жолдарын көрсетуге арналған. Еңбекте көркем шығарманың тілдік композициясын құрайтын тұтастықтар: автор сөзі, кейіпкер сөзі, қосунды сөз жеке-жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылып, олардың көркем шығармада алатын орнын, рөлін, көркемдік қызметін анықтайды.

Автор оқу құралында қазақ тіл біліміндегі бұрын-сонды зерттеу нысаны болмаған тың тақырып қосунді сөздің тілдік табиғатына да терең үңіледі. Осы тақырыпта кандидаттық диссертация қорғатады.

“Қазақ әдеби тілінің тарихы мен даму жолдары” (СТ, 1982, № 5) және “Абай және қазақ әдеби тілінің сөзжасам жүйесінің дамуы” (Анкара, 1995) атты мақалалары шет елдерде жарық көрді.

Ғалым тіл білімінің майталмандары А.Байтұрсынұлы, М.Балақаев, Н.Сауранбаев және М.Томанов туралы бірнеше мақалалар жазған.

Ғалымның А. Байтұрсынұлы туралы жазған “Ахмет Байтұрсынұлы әдеби тіл мәселесі жайында” атты мақаласы “Қазақ тілі мен әдебиеті” басылымында жарық көреді.

Х.Мұхамбеттің “Професор М. Балақаев және қазақ әдеби тілі тарихының зерттелуі”, “Академик Н.Т. Сауранбаев қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары жайында” атты мақалалары ғалымның “Диалектология мен қазақ әдеби тілі тарихы мәселелері” атты еңбегіне енгізілген.

“Жан сырым” атты профессор М. Томанов жайында жазылған естелігі “ҚазҰУ хабаршысы” журналының кезекті санында жарияланады.

Жұмекен ақынның мектеп оқушысы кезі жайындағы естелік мақаласы “Шәкіртім еді” аты атпен “Жалын” журналының 1990 жылғы 6-санында жарыққа шығады.

Сондай-ақ ұстаз-ғалымның көп жылғы ғылыми-зерттеу енбектері 2001 жылы “Қазақ университеті” баспасынан “Диалектология мен әдеби тіл саласындағы зерттеулер” деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Тіл білімін зерттеушілер мен ізденушілерге бұл енбектің үйретері мол.

Хасан Көрімұлы Мұхамбет – сөздің қауызын аршып, тінін ашып көрсете алған қазақ тіл білімінің білікті де білгір ғалымы. Өмір жолында да, ғылым жолында да адалдық пен әділдікті мұрат еткен мәрт мінезді ұстаз-азаматтың жас мамандар даярлау ісінде сіңірген еңбегі өте зор.

*Багдан МОМЫНОВА
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
филология гылымдарының
докторы, профессор*

**АНА ТІЛІ - ЕМГЕҢІ,
АДАМ ҮШІН - ЕҢБЕГІ...**

(Профессор Х.К.Мұхамбеттің 70 жылдық
мерейтойна арналады)

*Адам үшін - еңбегім,
Өмірден барлық төрғенім.
Қалғаның қарап an,
Мұрам сол, жастар,
бергенім!
Шәкәрім*

Қазақстанның әр қырында әр салада тер төгіп жүрген ҚазҰУ-дың талай түлектері пір тұтатын ұстаз, университет қабырғасында дәріс бергеніне 40 жылдан асқан “ханнан да, қарадан да биік” ана тіліміздің жоғын жоқтап, бағасын асырған, өз ортасында сыйлы да қадірлі, еңбектес ұжымы “асыл тонның жағасында” көріп ардақтайтын профессор Хасан Мұхамбет-Кәрім 70 жасқа толған мерейлі мерекесін тойлап отыр.

Өмір - ағыс, тоқтаусыз ағыс. Ол ағысты тоқтатар күш жоқ. Алдыңғы толқын ағалардың ізін кейінгі толқын інілер басса, осы өмір ағыс қалыптастырған заңдылық. Ізбасар үрпақ жадында аға буын өз

азаматтық тұлғасымен, өнегелі үстаздық жоғымен, ғылымдағы өрнегі-ізімен қалады.

Хасан Мұхамбет-Қорімнің қазак тіл білімі бойынша жазылған еңбектері екі туыстас өлкеде тоғысады: көркем әдебиет тілі һом қазақ тілінің тарихы.

Көркем әдебиет тілі әдеби тіл үғымының құрамдас бір бөлігі. Тіл атаулыны бағалаудың ғылыми ортада қалыптасқан үш сипаты: тілдік стилистика, сөйлеу стилистикасы, көркем әдебиет стилистикасы. Алғашқы іргелі еңбегін Б.Майлин шығармаларын тілдік түрғыдан зерттеуге арнаған тілші-ғалым былай дейді: “Көркем әдебиет стилистикасы әдебиеттану ғылымынан да, лингвистикадан да тыс жатқан аралық ғылым саласы. Әдеби көркем туындының табиғаты соншалықты құрделі. Ол екі түрлі құбылыстың - тілдік материалдың жөне сол арқылы көрінетін идеяның біртұтас диалектикалық бірлігі. Жазушының шығармаға желі етіп алған арқауы, ондағы не қылыш обrazдар жүйесі, композициялық тұтастық айналып келгенде, тілдік құралдар арқылы ғана беріледі. Екінші жағынан, көркем шығарма тілі үлт тілі амалдарының белгілі дәрежедегі жиынтығы ғана емес, сонымен бірге белгілі бір көркем композицияның элементі. Көркем әдебиет тілі жай қатынас құралы ғана емес, ол коммуникативтік қызметпен бірге эстетикалық та қызмет атқарады, оның әсер ету функциясы бар” Тіл мамандарының көбіне тән қасиет - әдебиеттің эстетикалық жағын жаңымен үғынбаудың кемшілікке үрындыратынын айтып, әдебиеттің эстетикасын жүргегімен сезіне отырып. “Қанатты тіл” (Алматы, 1995) атты құрделі зерттеуін жарыққа шығарды.

Қазақ тіл білімінде бұрын-соңды сөз болып көрмеген тың тақырып қосунді сөздің тілдік табиғаты барынша жан-жақты ашылған бүл еңбек - аз да болса саз жазатын тілшінің екінші іргелі жұмысы. көркем әдебиет тілін зерттеудің тағы бір қырын айқындаپ берген нысаны ерекше зерттеу. Қазақ тіл білімінде қосунді сөз, оның түрлері туралы түсінік қалыптастырумен бірге, қосунді сөзді ажырату жолдары мен белгілерін Б.Майлин, М.Әуезов шығармаларынан тілдік мысалдар жинай отырып анықтап, талай зерттеушіге бағыт белгіледі.

Қазақ тілінің тарихы, казақ әдеби тілінің тарихы және қазақ тілінің тарихи грамматикасы деп аталатын екі үлкен арнадан тұрады. Тіл тарихын зерттеуде диалектологияның қосар үлес салмағы аз емес. Өркениет қоғам өміріне еркін араласқанға дейін айқын көрініс беретін, ал өркениет қанатын кеңге жайғанда өрісі тарыла түсетін диалектілік ерекшеліктер құрамында ұшырасатын көне элементтер тіл тарихын қазбалай түсу үшін таптырмайтын тілдік деректер саналады. Осы университеттегі диалектологиялық дәріснамалар мен тәжірибелік жұмыстардың басы-қасында жүрген Х.Көрімнің “Қазақ диалектологиясының кейір мәселелері”, “Қазақ диалектологиясы” “Қазақ диалектологиясы пәні” бағдарламалық еңбектері - әдістемелік және нақты ғылыми нұсқау беру түрфысынан өте құнды еңбектер. Бұларда тілдің диалектілік құрылымы, диалектілік мүшеленудің әр түрлі дәрежелерін бейнелейтін негізгі ұғымдардың үлттық тілдің бірлігіне тигізетін әсері пайымдалған.

Диалектілердің әдеби тілді шүбарлайтын да, байытатын да кездеңі болатындығын байыптаپ, “Қазақ тілі тұтастығын сактаған, диалектілік құрылымы олсіз, болмашы қамыған тіл” деген түйінге келеді.

Профессор Ҳ.Мұхамбет-Көрімнің ғылымдағы жаңа мәселелердің дер кезінде көтерген ойтұртқі еңбектері оның тілге қатысты түйінді тұстарды қалт жібермей бақылап, көзқарас көкжиегін кеңейтіп жүрген қасиетінен туындаиды. 80-жылдардың өзінде-ақ зерттеушінің қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар туралы ғылыми тұрғыдағы толғаныстары кейінгі профессор А.Айғабылұлының тамаша монографиясына жолбасшылық еткені хақ.

Ҳ. Мұхамбет тазафонетикалық не морфологиялық деуге келмейтін шекаралық, морфологиялық құбылыстарды есімдіктердің септелуіне байланысты диалектілік материалдарды пайдалана отырып, диахрондық тұрғыдан талдаумен ерекшеленеді. Өйткені қазіргі қазақ тілінің қалыптасқан заңдылықтарының шенберіне сыймайтын тілдік құбылыстардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал олардың төркініне үңіліп, себептерін ашуға келгенде шорқақ тарта беретініміз рас. Міне, сондай тіл жұмбағын ашуға алғашқылардың бірі болып Ҳ.Мұхамбет үмтүлды. Морфонологилық өзгерістерді зерттеу нысанын айқындастын ғылыми негізdemeler ұсынды.

Ҳ.Көрім – қазақ әдеби тілінің тарихына, оны оқыту мәселесіне бар жан-тәнімен берілген адам. Қазақ әдеби тілінің тарихы – зерттелуі де, жоғары мектеп қабырғасында оқытылуы да кеш қолға алынған жас пән. Оның тіл білімінің жеке саласы ретінде

қалыптасуымен теориялық негізінің қалануына үйтқы болған ғалымдар катарында С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, т.т. есімдері аталады. Осы әлеміші көп әдемі әлем әдеби тілдің университет қабырғасында жүйелі оқытылуына енбек сінірген. Студенттерге арналған әдістемелік нұсқауларымен бағыт-бағдар сілтеген бірден-бір үстаз-ғалым Хасан Мұхамбет-Кәрім екенін дәл бүгін айтпау мүмкін емес.

Тілдің түрлі түбірлі-төркінді мәселелерін қозғаған ғылыми мақалалары қаншама?!

“Дүние де өзі, мал да өзі” дейтін ғылымға жастық жалыны мен қайрат-қажырын, ақылы кемелдеген ағажылдарын арнап, шәкірт тәрбиелеуге қырық жыл қымбат уақытын сарп еткен үстаз.

*Аманқос МЕКТЕП-ТЕГІ
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті филология гылымдарының
кандидаты*

ҚҰС ЖОЛЫНДАЙ ЖОСЫЛҒАН ФИБРАТТЫ ФҰМЫР

Ұлттың мәдени гүлденуі ұстаз бер мектепке байланысты. Бұл ұғымдардың өскелен өмір салтымызға енгені соншалық, тыныс алар ауадай рухани қажетімізге айналды. Мектептің асыл діңгегі – ұстаз қауымы болса, ол ұстаздардың да көніл көзін ашатын ұстазы болатыны хақ. Әлбетте, өзге өріптерінен олардың оқ бойы озық тұратын ерекшелігі – Жаратқан Иенің дарытқан сыйы шығармашылық қыры мен ғалымдық қабілет қарымында. Егер осы қасиеттер бір адамның бойынан табылар болса, онда ол тұтас ұлттың мерейін өсірер рухани қазына-байлыққа айналады. Шүкір, қазақ халқы мұндай тұлғаларға бұрын да, қазір де кенде болған жоқ. Сондай аяулы есімнің қатарына әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетінің профессоры Хасан Кәрімұлы Мұхамбетті қосуға әбден болады. Ол табан аудармастан қырық жыл бойы үзіліссіз ұстаздық еткен ұлттық университет қабырғасынан кеудесіне нұр, көніліне сыр үялатқан талай буын шәкірттер легі республикамыздың шартарабына, одан әрі шет елге асып еңбек майданына жолдама алды. Егер сандық дерекке жүгінер болсақ, осынау уақыт аралығында ол 4,500

түлекті қанаттандырып ұшырыпты. Бұл тек айтуға ғана оңай көрінгенімен ғалым-педагог үшін қаншама көз майын төгіп, жүйкесін тоздырған, үнемі ізденіс пен зерттеуді, білім мен парасатты егіз ұштастырып, бойындағы бар қажыр-қайратын сарқа жұмсағанын ойша шамалау қыын емес. Әсіреке, бүгінгі мемлекеттік мәртебе иеленген ана тілінің еркін қанат жайып, коммуникативтік құрал ретінде күллі ұлттың ортақ тұтынатын әдеби тілі деңгейіне дейін өсу, кемелдену жолындағы ішкі заңдылықтарын ғылыми сипаттап, бағыт-бағдарын саралап, уәжді пікір, құнды пайымдауларын студенттер қабылдауына тиімді одістемелік тәсілмен оқыған дәрістері – болашақ бұл иғілікті іске оның қосқан сүбелі үлесі деп санаған абзал. Айталық, “Қазақ диалектологиясы”, “Қазақ әдеби тілінің тарихы” һәм “Көркем әдебиет тілін зерттеу” сықылды теориялық курсары мен практикалық арнаулы сабактарында ол лингвистика ғылымының бұл ұш саласына қатысты қым-қуыт түйінді-түйінді мәселелерді шәкірттерге терең талдап, тарата танытады. Талғампаз оқымысты қаламынан жүзге жуық ірілі-ұсақты еңбектер жарық көрді. Профессор жүйесі бөлек өзге тілдердің әсерінен ана тілінің табиғатын қорғаудың Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Құдайберген Жұбанұлы сынды білгірлердің ұсынған ғылыми тәжірибелеріне иек артып, болашақ кәсіби лингвистерді тіл тазалығы мен мәдениетіне сергек қарауға баулыды. Әрине, бұл салада жұртшылықтың мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімін оятып, көп болып қолдау көрсетуіне үкімет тарапынан қаржылай

шаралар жасалып, мақсатты түрде идеологиялық күрестің тоқтаімауы шарт Сонда ғана қоғам өміріндегі аяқ басқан сайын кездесетін сан алуан әттеген-айлар мен олқылықтардың жойылып, діттеген ойымызға жетуге мүмкіндік іс жүзінде орындалары кәміл. Бұл орайда мемлекеттік саясатты үлттық мұдде түрғысына реттеп, бұруға қолайлы бірден-бір ықпалды тегершік құрал ғылыми пәтуа, білікті интеллектуалдық тұлға екені кім-кімге де жасырын сыр емес. Ендеше мұндай пәрменді қаруды дайындастын шынайы ұстаз-ғалым ұлықтаудың қандайына да лайық.

Хасан Кәрімұлының кіндігін кескен туған топырағы – Атырау облысы, Құрманғазы ауданына қарасты 4-ші ауыл. Ол осы құт мекенде 1931 жылдың қоңыр күздінде жарық дүниеге келді. “Тегі жақсы ұл түбі озар” деген оның түқым-зәузаты XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясына аты мәшіүр Мақаш правитель атанған Шолтырұлы Бекмұхамбетов шыққан шершектің ішіндегі Қойыс руының Дербіс (Қаракемпір) тайпасынан. Одан бұтақталып. Түрке – Жомарт – Пұсырман – Тұрымбет би аталары тарайды. Тұрымбет би – есімі қазақтың шежіресіне енген, Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан, шешендігімен өз дәуірінде әлеуметке танылған, ресми деректерде аты жиі үшырасатын тарихи тұлға. Тұрымбеттен Бақтыбай – Бегімбет – Есенғазы – Мұхамбет. Мұхамбеттің бәйбішесінен Кәрім, Тәжі, Құбаш, тоқалынан Тәжімғали, Рахымғали атты бес ұл,

солардың үлкені Хасекеңің әкесі Кәрім. Хасекең сол Мұхамбет атасының қара шаңырағын иемденіп қалған бел немересі...

Еміс-еміс есте қалған ауыл суреті: жоқтан өзгеге зорулік, әлеуметтің жүдеулігі мен қауқарсыздығына қарамай кеңес өкіметінің науқаншылдығы адамдарды ертелі-кеш арбаға жеккен аттай көнбіс етіп, әмсे бітпейтін қауырт жұмыспен жанықтырып, ылғи еңбектен қолын босатпай діңкелетсе де, сол тұстағы ел-жүрттың еңсесінің биік, жұздерінің нұрлылығын көнілге қуат, тіршілікке құштарлық шабыт беретін. Сол жылдардағы бұқаралық сипат алған елеулі оқиға жер-жерде жаппай ағарту жұмыстарына белсенділік таныту Соның нақты мысалы ауылдың қыз-келіншектерін жинап, Сағынғали Әбіловтың үйымдастырған сауат ашу мектебі болатын. Бір ғажабы оның сабактары Кәрімнің үйінде өтті. Көктен сұрағанын Құдай жерден бергендей мұғалімнің аузынан шыққанын қызыға тыңдал, қағып алып отыратын кішкене Хасан әріп танып, санау мен алу-қосу амалдарын жылдам игереді. Бір жолы Кәрім үйінде шәй үстінде оқытушы Қадырғали Әлімжанов зерек баланың оқуға ынта-ықыласына бейілі ауыл ата-анасына 1қыркүйектен мектепке әкелуін өтінді. Сөйтіп, 1938 жылы Хасекең тұнғыш рет мектеп табалдырығын аттады.

Әне-міне дегенше бірінші тоқсанда сырғып өте шықты. Бірінші тоқсанды қорытындылауға арналған мектептің жалпы жиналышында директор Қуан Оразалин, 1-ші кластиң ұстазы Пәуеш Алдоңғаров ата-аналар мен шәкірттер алдында “өте жақсы

ұлгерімі үшін” Көрімнің ұлына ақшалай сыйлық тапсырды. Бала жанының сол күнгі қуанышында шек болмады. Анасы Орыншамен жиналыстан соң ол ауыл ортасындағы дүкенге соғып аппақ нан сатып алды. Айналадағы көрші-көлемді шақырып, ырым ғып шәй берді. Сонда кіндік атасы Досмағұлдың ақ батасын беріп, қос алақанымен бет-жүзін сипап, жібектей есілген ақ сақалын саусақтарымен тарамдап отырған бейнесі арада қаншама жыл өтсе де кинолентадай жылт етіп, оқта-текте, о, жасаған құдірет, со күйі көз алдына тұра қалады...

1939 жылдың көктемінде Көрім балықшылар бригадирінің екі айлық оқуына қалаға шақырылған. Біраз күн өткесін Хасекең әке атына аман-саулық білдірген хат жолдайды. Сапардан оралғасын әке ұлының әлгі жазған хатын қолына ұстаташып, соңғы сөйлеміне мүқият назар аударуын сүрайды. Бақса, “хат жазушы” деген тіркестегі сөздің бір әрпін тастап, ол “жаушы” деп қате жіберіпті. Ұялғаннан оның екі беті ду етті. Осыдан былай енді ол не жазса да “екі шоқып, бір қарауды” өмірлік дағдысына айналдырды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Хасекең он жасқа толмаған-ды. Мұқтаждық қысқан уақыттың қытымыр міnezі оның тұстастарының балғын жүздеріне балалықтың бал дәуренінен гөрі етек-жеңін тез жиып, ерте есейткен ішкі әлеміндегі беймаза алаң мен жұмбақ мұнның табын аңғартар еді. Ауылдың бас көтерген ер-азаматтары майдан жорығына алынды. Әкесінің кіндікtes екі бауыры мен немере үш інісі сұрапыл соғысқа аттанды. Броньмен елде қалған

әкениң отбасына қарауға шамасы жоқ, қыркүйекте кеткеннен әуелі Астрахань жақтағы қайықтарын бірекі ай бойы жөндеп, жарақтандырып алған соң мұз түсे теңізге шығады. Содан маусымның аяғына дейін ел ризиги балық соңында бала-шағасын көруге де оның мұршасы болмайды. Енді Хасанның жауапкершілік сезімі бұрынғыдан да күшейді, ерте көктемнен қара күзге дейін аяқтан өтіп, шекеден шығатын тастай суға түсіп балық аулап, өлмestің қамын жасап, күн көруге тура келді. Жаз шыға балықшы ауылдың үлкен-кішісі тайлыш-тұяғы қалмай қысқа мал азығын дайындау науқанына араласады. Солармен бірге ол шөп шауып, пішен әзірлеу, орақшылар бригадасында есепші, колхоз бухгалтериясында санақшы, басқа да сан түрлі міндеттерді атқарып еңбектің қазанында қайнап өсті.

1945-1948 жылдар аралығында Хасан Кәрімұлы аудан орталығындағы Абай атындағы мектеп-интернатта жатып білім алады. Ондағы мұғалімдер негізінен майданнан келген, байсалды, ұсақ әңгімені білмейтін өнегелі жандар еді. Әдебиет пәнінің мұғалімі Фазымжан мектептің қабырға газетін жаздыруды қолтаңба каллиграфиясына қызығып ылғи шәкірті Хасанға жүктейді. Есенғазы бабасы әулетінен, жалпы туған ауыл аймағынан жүйелі орта білімді бітіріп, жоғарғы оқу ордасына түсуге үмтүлған жекедара бір өзі болуы оның жігер-намысын одан сайын қайрайды. Алған бетінен қайтпайтын-қайсарлық талапкер жасты Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінен бір-ак шынтарды. Ол қазақтың маңдайына біткен жайсандары

М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Б.Шалабаев, Н.Сауранбаев, С.Кенесбаев, М.Балақаев, И.Маманов. О.Төлегенов, Ж.Аралбаев, Ф.Әбуханов. Т.Тәжібаев, Е.Бекмахановтардан дәріс алды. Университетті 1953 жылы Сталиндік стипендиямен үздік тәмамдаған Хасан Кәрімұлы Теңіз ауданындағы орта мектептің директоры, аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарып, сатыладап өсті.

1957-1959 жылдары ол Гурьев педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы.

Тынымсыз ізденіс үстіндегі бірбеткей жан 1959 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды. Содан бергі аралықта республиканың маңдай алды оку орнында үстаздық пен ғылыми жұмысты қатар тізгінде, ассистенттен профессорлыққа дейінгі өсу жолы – Хасан Кәрімұлы Мұхамбеттің қызығы мен қындығы мол жүріп өткен өмір белестері.

Өз ісіне жетік, қак-соқпен жұмысы жоқ, еңкейгенге еңкейетін, шалқайғанға шалқаятын, мәрт мінез Хасекен үзак жылдар бойғы үстаздық қызметінде тұрақты қалпынан айныған сәті жоқ. Ол есіктен кіргеннен қырағы көзімен бір шолып қарап еді де аудиторияны әп дегеннен түгел менгеріп, үзіліске дейін қыбыржыбыр, пыш-пыш әңгіме-дүкен пышақ кескендей тиылып, дирижер таяқшасын баққан оркестрдей студенттер назары ортадағы лекторға ауатын. Өз пәнін игерген ол кісілікті қадыр тұтты, сондықтан да айналасындағы үлкен-кішіге бірдей сыйлы. Есімдері іуған әдебиетіміз бен мәдениетімізде белгілі орны бар

қаламгер шәкірттерінің оған тарту ретінде ұсынған кітаптарындағы мына тілектері осыған айғақ.

Хаске!

Сырласам ылғи өзіңмен,
Жүргім тұрап дүрсілдеп,
Ұмыта қалған кезінде,
Есіне салып жүрсін деп
Ұсындым саған!

Сағи Жиенбаев.

21.07.72 ж.

Хасекеңе!

Аллаға сиынды ақын –
Бір сиынса,
Уақыт өтіп жатыр жел-құйынша
Әрине заман тәтті, заңы қатты
Бірақ та кездесеміз
Дәм бүйірса...

Кеңшілік Мырзабеков.

1982 ж.

“Ұстазымыз, профессор Хасан Кәрімұлына – шәкірттік көңілден автор Тәжібай Жаңаев, 18 сәуір 1998 ж.”

Мұндай жүректен тербеген лебізді жалғастыра түсуге болар еді, мақсат ол емес, ұстазға деген әр жылдардағы шәкірт буынның ықыласы мен ілтипат сезімінің үшқынын ғана аңғарту.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Мөулен Балақаевтың ғылыми жетекшілігімен 1965 жылды қорғаған “Бейімбет Майлин әңгімелерінің тілі”

атты кандидаттық диссертациясынан бастап, “Қанатты тіл” (1995ж.) оқулыны, студенттер мен ізденушілерге арналған, көлемі 18 баспа табак “Диалектология мен әдеби тіл тарихы саласындағы зерттеулер” атты іргелі еңбегіне дейін ғалым қазақ тілінің өзекті мәселелерін, атап айтқанда, жергілікті тіл ерекшеліктері мен көркем әдебиет стилистикасы, әдеби тіл мен тіл тарихы, сондай-ақ аталған пәндерді оқыту және оның сапасын жақсарту хақындағы індете қарап, қаза тексерген ғылыми тұжырымдары, жасаған қорытындылары өз алдына бір төбе.

Хасан Кәрімұлының ғылыми жетекшілігімен бірнеше аспирант диссертацияларын қорғап, ғылым кандидаты атанды.

Кезінде бір әулеттің үкілеген үміті Хасекең өмірлік отасқан жұбайы Шәрипа Әлиқызы екеуі бүгінде бірнеше үл мен қыз өсірді. Бауырынан өрбіген Берік пен келіні Ләйладан төрт, қыздары Бақытжамал мен Гүлмирадан бес немере сүйген бақытты ата мен әже.

Профессор Хасан Кәрімұлы Мұхамбет – үзак жылдар бойы оқу-ағарту процесі мен ғылыми-шығармашылық еңбек жолында еккен-сепкенінің жемісін көруді Тәңір нәсіп еткен, азын-аулақ республикаға танылған аға буын өкілдерінің бірі. Ғалымның құс жолындағы ғибратты ғұмыры жас толқын үрпаққа өнеге екені шүбәсіз.

Х.К. МҰХАМБЕТТІҚ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

1. Диссертация қорғалатындығы туралы хабарландыру // Социалистік Қазақстан. – 1965. – 22 май.
2. Каримов Хасан Каримович // Развитие казахского советского языкоznания. – Алма-Ата: Наука, 1980. – С. 217-218.
3. Кәрімов Хасан Кәрімұлы // Қазақ тілі энциклопедиясы. – Алматы, 1998. 167 б.
4. Кәрімов Хасан // Атырау энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2000. 243 б.
5. Жағымпаздықты жаны сүймейтін жан (Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетіндегі шәкірттері) // Алтын орда. – 2001. 19 қыркүйек.
6. Құрысжанов Ә. Ұлағатты ұстаз, қарымды ғалым // Х. Мұхамбет-Кәрім. Диалектология мен қазақ әдеби тілі тарихы мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 5-12 бет.
7. Мектеп-тегі А. Құс жолындағы жосылған ғибратты ғұмыр // Атамекен. – 2001. – 10 қазан.
8. Момынова Б. Ана тілі – емгені, Адам үшін – еңбегі // Алматы ақшамы. - 2001. – 20 қазан.
9. Салқынбай А. Ұстаз ұлағаты // Қазақ университеті. – 2001. – № 8.
10. Құлжанова Б. Тіл ұстартқыныз келсе... (Х.Мұхамбет-Кәрімнің “Диалектология мен қазақ әдеби тілі тарихы мәселелері” атты оқу құралы

туралы) // Ізденіс (Поиск). Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2002. №2. – 258-260 бет.

11. Әлкебаева Д., Ихсанова А. Қыран ғұмыр // Атамекен. 2002. 10 желтоқсан.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1962

1. Б. Майлин шығармаларының тіл ерекшеліктері туралы // Материалы конференции по казахской и русской филологии. – Алма-Ата, 1962. - С. 23-29.

2. Мақсаты – сөз сарапап, тіл ұзартпақ // Қазақ әдебиеті. – 1962. – 16 февраль / О. Төлегеновпен бірге. - Кітапқа сын: М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. - Алматы, 1961.

1963

3. Б. Майлин әңгімелеріндегі ортақ төл сөз // Қазақ ССР FA Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – Алма-Ата, 1963. – 3-шығуы. – 48-56 бет.

4. Б. Майлин әңгімелерінде ортақ төл сөздің берілу ерекшеліктері // Қазақстан мектебі. – 1963. № 8. 81-83 бет.

5. Б. Майлин әңгімелерінде эпитет, теңеу, троп. // Тіл және әдебиет мәселелері: аспиранттар мен ізденушілер мақалаларының жинағы. – Алматы, 1963. – 69-78 бет.

6. Б. Майлин әңгімелеріндегі диалогтың көркемдік қызметі жөнінде // Труды Института языкоznания казахского и уйгурского языкоznания. З т.: Вопросы казахского и уйгурского языкоznания. – Алматы, 1963. – С. 213-219.

7. Оқытушының еңбегі // Қазақстан мұғалімі.
1963. - 11 июль / М.Т.Томановпен бірге. - Кітапқа сын:
Төлегенов О. Қазіргі қазақ тілі синтаксисі. - Алматы.
1962.

1965

8. Язык рассказов Беймбета Майлина: автореф.
дис... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1965. – 28 с.

1966

9. Қазақ тілінің стилистикасы жайында // Жетісу.
– 1966. – 27 апрель / У.С. Төлегенов және Т.К.
Қожекеевтермен бірге. Кітапқа сын: М.Балақаев,
Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манаасбаев. Қазақ тілінің
стилистикасы. - Алматы: Мектеп, 1966.

1969

10. *Қазақ әдеби тілі тарихының программысы:
университет пен педагогтік институттардың
филология факультеттерінің студенттері үшін / Қазақ
ССР Жоғары және орта арнаулы білім министрлігі
Ғылыми методикалық кабинеті. – Алматы, 1969 /
Р.Сыздықова және Е. Жанпейісовтермен бірге.

11. *Қазақ диалектологиясы: Қазақ мемлекеттік
университетінің сырттан оқытын студенттеріне
арналған методикалық нұсқау. – Алматы, 1969.

1970

12. Диалектологиялық сөздік // Жетісу. – 1970. – 28 январь /М.Серғалиевпен бірге. Кітапқа сын: Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

13. К вопросу об употреблении диалектизмов в произведениях художественной литературы // Материалы научно-теоретической конференции “Вопросы теоретической стилистики лексики и грамматики”: тез. докл. – Алма-Ата, 1970. – С. 31-34.

1971

14. “Шұғаның белгісіне” енгізілген авторлық өңдеулер жайында // Қазақ тілі және әдебиеті мәселелері. – Алматы, 1971. - 7-шығуы. – 62-75 бет.

1972

15. *Некоторые вопросы проверки выполнения студентами 2 курса самостоятельных заданий по курсу “Казахская диалектология” // Материалы второй учебно-методической конференции проф.-преп. состава Казахского гос. университета, 15-18 февраля 1972 г.: тез. докл. – Алматы, 1972.

1973

16. Еңбекші қазақ ауданы түрғындары тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі мен әдебиеті. Алматы, 1973. – 3-шығуы. – 38-50 бб.
17. Кейбір жүрнақтардың әдеби тілде сөз тудыру қызметінің тарихы жайында // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1973. – 2-шығуы. – 89-94 бет.
18. Қазақ диалектологиясының кейбір мәселелері. – Алматы, 1977. – 48 б.
19. Қазақ тілі говорларында езу дауыстылары арасында кездесетін дыбыс сәйкестіктері жайында // XXVII студенческая научная конференция: тез. докл. КазГУ им. С.М.Кирова. Гуманитарные науки. – Алматы, 1973. – С. 271-272.

1974

20. Әдеби тіл және жазушы шеберлігінің мәселелері: (“Қан мен тер” трилогиясының тіл ерекшеліктері хақында) // Материалы итоговой научной конференции проф.-преп. состава гос. университета им. С.М. Кирова. – Алматы, 1974. – С. 408.
21. Бейімбет тілі – бейне тілі // Қазақ CCP FA хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – 1974. № 3. – 35-43 бет / Е. Жанпейісовпен бірге.

22. Б. Майлин шығармаларының тілі мен стилі: Қазақ мемлекеттік университетінде оқылыш келе жатқан арнаулы курстың бағдарламасы // Арнаулы курстар мен арнаулы семинарлардың программасы. – Алматы. 1974. – 37-46 бет.

1975

23. Әдеби тіл және жазушы шеберлігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1978. – 9-шығуы. – 129-135 бет.

24. *Қазақ әдеби тілі тарихының программасы: университет пен педагогикалық институттардың филология факультеттерінің студенттері үшін. – Алматы: Қазақ ССР Оқу министрлігі республикалық оқу-методика кабинеті, 1975.

1980

25. Қазақ диалектологиясы: филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі студенттеріне арналған методикалық кеңес, бақылау-пісірілген жаттығулары мен курс жұмыстарының тақырыптары. - Алматы: Қазақ ССР Оқу министрлігі республикалық оқу-методика кабинеті, 1980. – 55 бет.

1982

26. Әдеби тіл тарихына арналған еңбек // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 20 август. - Кітапқа сын: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. - Алматы: Ғылым, 1981.

27. Қазақ әдеби тілі тарихының программасы: педагогика институтының филология факультеттерінің студенттері үшін. – Алматы, 1982. – 19 бет / Р.Сыздықова, Е.Жанпейісовтермен бірге.

28. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары // Советская тюркология. – 1982. - № 5. – С.

92-93. Кітапқа сын: Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. - Алматы: Ғылым, 1981.

1983

29. Көркем әдебиет тілін зерттеудің мәселелері: арнаулы курс бойынша методикалық талдау. – Алматы: Қазақ университеті, 1983. – 45 бет.

30. Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар мәселесі жайында // Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. - Алматы, 1983. – 124-144 бет.

1984

31. Қосунді сөздер // Коммунизм таңы. – 1984. – 2 июнь.

1985

32. О типах сингармонических параллелей в казахском языке // Тезисы научно-теоретической конференции, посвященной 50-летию КазГУ им. С.М.Кирова. Гуманитарные науки. – Алматы, 1985. – С. 68-69.

1986

33. Көркем әдебиет тілін зерттеудің мәселелері: арнаулы курс бойынша методикалық талдау. – Алматы, 1986. – 34 бет.

34. Қазақ тілі говорларындағы жуан, жіңішке дауыстылар сәйкестігі // Қазақ тілі теориясы мен тарихының мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 1986. - 23-45 бет.

1987

35. Қазақ әдеби тілі тарихының проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзі // Қазақ әдеби тіл тарихының проблемалары: ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Ғылым, 1987 – 153-156 бет.

36. Некоторые вопросы периодизации истории казахского литературного языка // Қазақ әдеби тілі стилистикасының мәселелері. – Алматы, 1987. – 16-23 бет.

1988

37 Қазақ әдеби тілінің тарихы: семинар сабактарына арналған методикалық талдаулар / Қаз.мем. С.М. Киров атындағы университеті. - Алматы: Қазақ мемлекеттік университеті, 1988. - 33 бет.

1989

38. *Қазақ әдеби тілінің тарихы: бақылау жұмыстарының тақырыптары. - Алматы, 1989.

39. Қазақ әдеби тілінің тарихы: семинар сабактарына арналған методикалық талдаулар. - Алматы: С.М. Киров атындағы ҚазМУ 1988. – 33 бет.

1990

40. Қазақ әдеби тілінің тарихы: студенттердің өздік жұмыстары бойынша методикалық талдау. – Алматы, 1990. – 35-38 бет.

41. Қазақ говорларындағы б ~ м, м ~ б сәйкестіктері туралы // Қазақ тіліндегі аймақтық ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым, 1990. – 180-188 бет.

42. Шәкіртім еді: Жүмекен ақынның мектеп оқушысы кезі жайында // Жалын. – 1990. – № 6. 31 бет.

1993

43. Көркем тексті өнер туындысы ретінде зерттеудің өзекті мәселелері // Көркем шыгарма тексін талдаудың мәселелері: ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 1993. – 17-18 бет.

1994

44. Диалектологиялық практиканың программысы. – Алматы: Қазақ университеті, 1994. – 17 бет.

45. Түркологиядағы елеулі жаңалық // Жас Алаш. – 1994. – 9 шілде; Қазақ әдебиеті. – 1994. – 29 шілде.

1995

46. Абай және қазақ әдеби сөзжасам жүйесінің дамуы (түрік тілінде) // TURK LEHCELERI VE EDEBIVATI BERGICI. – Анкара, 1995. – 70-73 бет.

47 *Қазақ әдеби тілі тарихы: бағдарлама // Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті: университеттер мен педагогикалық институттардың бағдарламалары. - Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 94-110 б.

48. Қанатты тіл: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 144 бет.

1996

49. Диалектологиялық практика үйымдастыруды жетілдіру шаралары жайында // Состояние и перспектива развития университетского образования: материалы 25-й науч.-метод. конф. проф.-преп. состава КазГУ . – Алматы, 1996. – С. 194-165.

50. *Қазақ әдеби тілі тарихы бойынша бақылау жұмыстары. Алматы, 1996.

1998

51. Қазақ тілі говорларындағы қатаң мен ұян дауыссыздар арасындағы сәйкестіктер // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 1998. - № 17. – 56-65 бет.

52. *Қазақ тілі говорларындағы қатаң мен ұян дауыссыздар арасындағы сәйкестіктер //

Филологияның өзекті мәселелері: К. Ахановтың 70 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы. 1998. – 46-50 бет.

53. Тіл мен әдебиет: пәнаралық “Тіл мен әдебиет” курсының бағдарламасы // Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері: магистратура бөліміне арналған оқу бағдарламаларының жинағы. – Алматы, 1998. – 16-23 бет.

1999

54 Қазақ диалектологиясы: бақылау-псықтау жаттығулары, филология факультеті қазақ тілі мен әдебиет бөлімі студенттеріне арналған көмекші құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. 176 бет.

55. Қазақ диалектологиясы пәнінің типтік бағдарламасы. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 22 бет.

56. Қазақ тілі говорларындағы өзара қатаң дыбыстар сәйкестігі // ҚазМУ хабаршысы. - Филология сериясы. – Алматы, 1999. № 31. - 93-96 бет.

57. Магистратурада пәнаралық “Тіл мен әдебиет” курсын қалай жүргізуіміз керек? // Стратегия университетского образования в КазГУ: пробл. преп. яз. – Алматы, 1999. - Ч. 2. С. 107-108.

2001

58. Ахмет Байтұрсынұлы әдеби тіл мәселесі жөнінде // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2001. - № 10. - 53-56 бет.

59. Диалектология мен қазақ әдеби тіл тарихы мәселелері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 290 бет.

60. Қазақ әдеби тілі тарихын дәуірлеу мәселесі жайында // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы: проф. Б.Әбілқасымовтың 70 жылдығына орай үйымдастырылған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2001. – 27-32 бет.

2002

61. Жан сырым: проф. М. Томанов жайында естелік // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2002. - № 18 (52). 7-11 бет.

**Х.К.МҰХАМБЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ
ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН ДАЙЫНДАЛҒАН
КАНДИДАТТЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР**

1. Момынова Б.Қ. Қазақ газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. - Алматы, 1993.
2. Шоқым Г Жүсіпбек Аймауытов романдарындағы қосұндың сөз. Алматы, 1997.

ЕҢБЕКТЕРДІҢ АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШІ

- Абай және қазақ әдеби сөзжасам жүйесінің дамуы (түрік тілінде) – 46
- Ахмет Байтұрсынұлы әдеби тіл мәселесі жөнінде - 58
- Әдеби тіл және жазушы шеберлігі – 23
- Әдеби тіл және жазушы шеберлігінің мәселелері (“Қан мен тер” трилогиясының тіл ерекшеліктері хақында) 20
- Әдеби тіл тарихына арналған еңбек – 26
- Бейімбет тілі – бейне тілі – 21
- Б. Майлин әңгімелеріндегі диалогтың көркемдік қызметі жөнінде – 6
- Б. Майлин әңгімелеріндегі ортақ төл сөз – 3
- Б. Майлин әңгімелеріндегі ортақ төл сөздің берілу ерекшеліктері – 4
- Б. Майлин әңгімелеріндегі эпитет, теңеу, троп - 5
- Б. Майлин шығармаларының тіл ерекшеліктері туралы 1
- Б. Майлин шығармаларының тілі мен стилі – 22
- Диалектология мен қазақ әдеби тіл тарихы мәселелері (оқу құралы) – 59
- Диалектологиялық практика үйымдастыруды жетілдіру шаралары жайында – 49
- Диалектологиялық практиканың программасы – 44
- Диалектологиялық сөздік – 12
- Еңбекші қазақ ауданы түрғындары тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер – 16
- Жан сырым: проф. М. Томанов жайында естелік – 61

- К вопросу об употреблении диалектизмов в произведениях художественной литературы – 13
- Кейбір жүрнақтардың әдеби тілде сөз тұдыру қыгыметінің тарихы жайында – 17
- Көркем әдебиет тілін зерттеудің мәселелері: арнаулы курс бойынша методикалық талдау – 29, 33
- Көркем тексті өнер туындысы ретінде зерттеудің өзекті мәселелері – 43
- Қазақ әдеби тілі тарихы: бағдарлама – 47
- Қазақ әдеби тілі тарихы бойынша бақылау жұмыстары – 50
- Қазақ әдеби тілі тарихын дәуірлеу мәселесі жайында – 60
- Қазақ әдеби тілі тарихының проблемаларына арналған ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзі – 35
- Қазақ әдеби тілі тарихының программы – 10, 24
- Қазақ әдеби тілі тарихының программы: педагогика институтының филология факультеттерінің студенттері үшін – 27
- Қазақ әдеби тілінің тарихы: бақылау жұмыстарының тақырыптары - 38
- Қазақ әдеби тілінің тарихы: семинар сабактарына арналған методикалық талдаулар – 37, 39
- Қазақ әдеби тілінің тарихы: студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша методикалық талдау – 40
- Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары – 28
- Қазақ говорларындағы б ~ м, м ~ б сәйкестіктері туралы – 41
- Қазақ диалектологиясы – 11

- Қазақ диалектологиясы: бақылау-пысықтау жаттығулары - 54
- Қазақ диалектологиясының кейбір мәселелері – 18
- Қазақ диалектологиясы пәнінің типтік бағдарламасы – 55
- Қазақ диалектологиясы: филология факультеті қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі студенттеріне арналған методикалық кеңес, бақылау-пысықтау жаттығулары мен курс жұмыстарының тақырыптары – 25
- Қазақ тілі говорларында езу дауыстылары арасында кездесетін дыбыс сәйкестіктері жайында – 19
- Қазақ тілі говорларындағы жуан, жіңішке дауыстылар сәйкестігі – 34
- Қазақ тілі говорларындағы қатаң мен үяң дауыссыздар арасындағы сәйкестіктер – 51, 52
- Қазақ тілі говорларындағы өзара қатаң дыбыстар сәйкестігі – 56
- Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар мәселесі жайында – 30
- Қазақ тілінің стилистикасы жайында 9
- Қанатты тіл (көркем әдебиет тілін зерттеуге арналған оқу құралы) – 48
- Қосунді сөздер – 31
- Магистратурада пәнаралық “Тіл мен әдебиет” курсын қалай жүргізуіміз керек? – 57
- Мақсаты – сөз саралап, тіл үзартпақ -2
- Некоторые вопросы периодизации истории казахского литературного языка – 36
- Некоторые вопросы проверки выполнения

студентами 2 курса самостоятельных заданий по курсу “Казахская диалектология” 15

О типах сингармонических параллелей в казахском языке – 32

Оқытушының енбегі – 7

Түркологиядағы елеулі жаңалық – 45

Тіл мен әдебиет: пәнаралық “Тіл мен әдебиет”
курсының бағдарламасы – 53

Шәкіртім еді: Жұмекен ақынның мектеп
оқушысы кезі жайында – 42

“Шұғаның белгісіне” енгізілген авторлық
өндеулер жайында – 14

Язык рассказов Беймбета Майлина - 8

БІРЛЕСІП ЖАЗФАН АВТОРЛАРДЫҢ ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Жанпейісов Е. – 10, 21, 27

Қожекеев К. – 9

Томанов М. – 7

Төлегенов О. – 2, 9

Серғалиев М. – 12

Сыздықова Р – 10, 27

МАЗМУНЫ

| | |
|---|----|
| Оқырмандар есіне | 3 |
| Филология ғылымдарының кандидаты, профессор Х.К. Мұхамбеттің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері | 4 |
| Филология ғылымдарының кандидаты, профессор Х.К.Мұхамбеттің ғылыми, педагогтік және қоғамдық қызметі туралы қысқаша очерк | 6 |
| <i>Бағдан МОМЫНОВА.</i> Ана тілі – емгені, Адам үшін – еңбегі (Профессор Х.К.Мұхамбеттің 70 жылдық мерейтойна арналады)..... | 11 |
| <i>Аманқос МЕКТЕП-ТЕГІ.</i> Құс жолындай ғибратты ғұмыр | 16 |
| Х.К. Мұхамбеттің өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиеттер | 25 |
| Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші | 27 |
| Х.К.Мұхамбеттің ғылыми жетекшілігімен дайындалған кандидаттық диссертациялар | 38 |
| Еңбектердің алфавиттік көрсеткіші | 39 |
| Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіші | 43 |

ХАСАН КӘРІМҰЛЫ МҰХАМБЕТ

Биобиблиографиялық көрсеткіш

ИБ № 3693

Басылуға 11.12.2006 жылы қол қойылды. Пішімі 60x90 1/16.
Көлемі 2,75 б.т. Офсетті қағаз. RISO басылыш. Тапсырыс № 337.
ТАРАЛЫМЫ 100 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.
050038, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды